

2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 140 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 22 қаңтарда № 7488 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2018 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қамысты ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы әкімдіктің қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі, көшірмелерін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін Қамысты ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауды;

4) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қамысты ауданының әкімі

Ғ. Бекмұхамедов

Әкімдіктің

2017 жылғы 28 желтоқсандағы

№ 140 қаулысына

қосымша

2018 жылға арналған Қамысты ауданының мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының әкімшілік - аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының атауы	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (теңге)
			Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың бір айдағы орташа құны (теңге)	
1	2	3	4	5	6
1	Қамысты ауданы, Адаевка ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Адай орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	24	15888	3 жасқа дейін – 7 6 5 0 3-5 жас аралығы - 10000
2	Қамысты ауданы, Бестөбе ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Бестөбе орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	27	15888	3 жасқа дейін – 5 4 8 9 3-5 жас аралығы - 6867
3	Қамысты ауданы, Аралкөл ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің Бестау негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық	9	8619	
4	Қамысты ауданы, Дружба ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Дружба негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	12	15888	3 жасқа дейін – 6 7 8 3 3-5 жас аралығы - 7980
5	Қамысты ауданы, Жайылма ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Жайылма негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	19	15888	3 жасқа дейін – 4 6 4 0 3-5 жас аралығы - 6720
6	Қамысты ауданы,	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің №1 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі	16		

	Қамысты ауылы	жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық		8619	
7	Қамысты ауданы, Қамысты ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің №2 Қамысты орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	65	15888	3 жасқа дейін – 7 0 3 5 3-5 жас аралығы - 7980
8	Қамысты ауданы, Клочково ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Клочков орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	18	15888	3 жасқа дейін – 6 2 0 0 3-5 жас аралығы - 6405
9	Қамысты ауданы, Арқа ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Краснооктябрь орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	48	15888	3 жасқа дейін – 5 2 0 8 3-5 жас аралығы - 6258
10	Қамысты ауданы, Ливановка ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Ливанов орта мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	11	15888	3 жасқа дейін – 6 2 0 0 3-5 жас аралығы - 6496
11	Қамысты ауданы, Талдыкөл ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Талдыкөл негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	16	15888	3 жасқа дейін – 5 5 2 3 3-5 жас аралығы - 6720
12	Қамысты ауданы, Орқаш ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Орқаш негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы жарты күндік мектепке дейінгі шағын орталық	9	8619	
13	Қамысты ауданы, Фрунзе ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің Фрунзе негізгі мектебі" мемлекеттік мекемесі жанындағы толық күндік мектепке дейінгі шағын орталық	16	15888	3 жасқа дейін – 4 3 6 8 3-5 жас аралығы - 5200
14	Қамысты ауданы,	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "	140	27492	3 жасқа дейін – 6 8 2 2

	Қамысты ауылы	Айналайын" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны			3-6 жас аралығы - 8864
15	Қамысты ауданы, Қарабатыр ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің "Ақбота" бөбекжай" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	45	28917	3 жасқа дейін – 6 1 8 2 3-6 жас аралығы - 6710
16	Қамысты ауданы, Алтынсарин ауылы	"Қамысты ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің " Қарлығаш" бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	113	33379	3 жасқа дейін – 7 0 0 0 3-6 жас аралығы - 7500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ